

Результатом является следующее: личность получает возможность сформировать свою собственную реальность с набором ценностей и взглядами на жизнь, с представлением о том, какой должна быть цельная личность, принадлежащая всему миру.

Анализ проблемы толерантности и диалогичности в современном образовании позволяет сделать некоторые выводы:

во-первых, позитивные культурно-языковые связи и контакты способствуют этнотолерантному диалогу, поэтому так важно осваивать знания о проживающих в конкретном регионе народах и их культурах;

во-вторых, следует развивать опыт этнотолерантного образования, реализуемый в деятельности властных структурах, системе образования, средствах массовой информации, учреждениях культуры;

в-третьих, межнациональному содружеству, являющемуся основой сохранения культурного многообразия и сплоченности полиэтнического региона, способствует реализация перспективной стратегии освоения культурной самобытности народов в рамках единого культурно-образовательного пространства при тесном сотрудничестве всех заинтересованных организаций;

в-четвертых, толерантность и диалогичность позволяют сохранить разнообразие и самобытность культур и языков, представляющих несомненную духовную ценность.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Декларация принципов толерантности: Утверждена резолюцией 5.61 Генеральной конференцией ЮНЕСКО от 16 ноября 1995 г.

2 Даумова Б.Б. Казахстан – Родина всех своих граждан: учебное пособие для учащихся старших классов. – Костанай, 2009. – 176 с.

3 Этнопедагогика народов Казахстана / под ред. Г.Н. Волкова и К.Ж. Кожамметовой. – Алматы: «Алматы», 2001. – 305 с.

4 Библер В.С. Школа диалога культур: Идеи. Опыт. Перспективы. – Кемерово, 1993.

5 Бромлей Ю.В. Этносоциальные процессы: теория, история, современность. – М., 1987.

6 Борытко Н.М. В пространстве воспитательной деятельности: монография / Науч. ред. Н.К. Сергеев. – Волгоград: Перемена, 2001. – 181с.

### ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СӘЙКЕСТІГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУ РЕСУРСЫ РЕТІНДЕ

*Мақанов Ж.Қ.,*

*Қостанай облыстық ішкі саясат басқармасы, Қостанай қ.*

Қазақстанның болашағы – жана буын өкілдерінің Н.Ә.Назарбаев нақты атап өткендей: «Тарихи уақыттың жеделдеуі, жаһандық демографиялық теңгерімсіздік, жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер, жаһандық энергетикалық қауіпсіздік, ауыз судың тым тапшылығы, табиғи ресурстардың сарқылуы, үшінші индустриалды революция, үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздық, біздің өркениетіміздің құндылықтарының дағдарысы, жана әлемдік тұрақсыздық қаупі» сынды қазіргі заманның тарихи кезеңдеріне лайықты төтеп берулерінің деңгейіне тікелей байланысты/1/.

Аталғандардың барлығы да қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне нұсқан келтіріп, оның тоқырауына әкеп соқтыруы мүмкін. Сол себепті, республикамызды ұзақ мерзімді дамыту барысында мұндай келеңсіздіктерді назардан тыс қалдырмағанымыз абзал. 2050 жылдарға дейін бүгінгі жас ұрпаққа, мектеп қабырғасында жүрген оқушылар мен аудиторияларда отырған студенттерге бұл мәселелермен жұмыс істеу міндеті жүктелген.

XX-шы ғасырдың соңындағы қуатты геосаяси құлдыраулар, адамзаттың жаһандық проблемалары, көп уақытқа созылған экономикалық дағдарыс қазіргі заман жастарынан

өмірлік маңызы басым проблемалардың төрт негізгі тобына дайын болуын талап етеді (Видяпин В.И.):

1. Әлеуметтік-саяси сипаты басым проблемалар:

–ядролық соғысқа жол бермеу;

–жаппай қару шығаруды тоқтату;

–мемлекетаралық, аймақтық шиеленістерді шешу;

–халықтар арасындағы бекітілген сенім негізінде күштеусіз бейбіт жолмен әлемді қалыптастыру;

–жалпықоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

2. Әлеуметтік-экономикалық сипаты басым проблемалар:

–әлсіз даму мәселесі мен және оған қатысты жоқшылық пен мәдени артта қалушылықты еңсеру;

–тиімді өндіріспен және әлемдік жалпы азық-түліктің ұдайы өндірісімен қамтамасыз ету;

–энергетикалық, шикізаттық және азық-түлік тоқырауларынан шығудың жолдарын іздестіру;

–демографиялық жағдайды оңтайландыру;

–жер шары мен әлемдік мұхитты бейбіт мақсатта қолдану;

3. Адамзаттың тұрақты мекеніне айналған табиғатымызды сақтаудағы әлеуметтік-экологиялық мәселелер:

–атмосфераның газ қабығын жақсарту қажеттілігі;

–тірі және өлі табиғаттың үндестікпен дамуының маңыздылығын түсіну;

–жер шарының табиғи мүмкіндіктерін тиімді пайдалану;

–соғыс әрекеттерінің әсерінен табиғатымыздағы құндылықтардың жойылуының алдын-алу;

4. Қоғамдық прогресс өлшемімен қалыптасатын адамзат проблемаларын барлау:

–жеке тұлғаның әлеуметтік, экономикалық құқықтары мен еркіндіктерін сақтау;

–аштықты, эпидемиялық ауруларды, мәдениетсіздікті жою;

–жеке тұлғаның рухани дамуы;

–адамзаттың табиғаттан, қоғамнан, мемлекеттен, өзге адамдардан алшақтап өмір сүріп жатсынуын еңсеру.

Келешектің даму сценаріі жаңа буын өкілдерінің азаматтық тұрғыда барынша жауапты, көреген болуына, өмірлік маңызы бар мәселелердің шешімдерін іздеуде технологиялық жаңашылдықтарды тиімді жолмен қамтамасыз ете алуына байланысты.

Жастар келешегіміздің негізі. Жаңа буын өкілдерін әлеуметтендірудің жемісті жүргізілуі – жастарымыздың өз болашақтарына деген дұрыс көзқарасының, мемлекетінің болашақтағы өміршендігіне кепіл бола алады.

Қазақстандық қоғамды тамырынан түрлендірудің нәтижесі әлеуметтік процесстердің бұзылуына әкеп соқтырды. Бұның салдарынан, жастар арасында девиацияның түрлі нұсқалары пайда болып, олардың азаматтық өмірлік ұстанымдары жойылып, отбасы, борыш, жауапкершілік іспетті құндылықтардың жойылып кету қаупі туындады.

Көп жағдайда мұндай олқылықтар жалпы білім беру мекемелері мен жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмыстарының мардымсыз жүргізілуінен, тәрбие сағаттарының демократиялық құқықтық мемлекетіміздің әлемдік көзқарасын жастардың бойына дұрыс сіңіре алмауынан, азаматтық қоғам мен жалпы патриоттық сезімді дұрыс қалыптастыра алмауы әсерінен туындады.


Заман үрдісіне сай, қазақстандық білімді жетілдіру барысында оның ертеден қалыптасқан бірқатар мәселелерін қайтадан қарап шығу қажет. Ең бастысы, білім жүйесінде нақты бағыттарымызды айқындап, заман талабына сай өмір сүре алатын жастарды тәрбиелеудегі құндылықтарымызды айқындауымыз керек. Сонда ғана біздің жастарымыз, қазіргі заманға

лайықты саналады. Қазіргі қоғамымызда тұлғаның патриоттық сәйкестігін қамтамасыз ету басымды бағыт.

Патриотизм біздің мемлекетіміздің өміршеңдігінің негізгі қағидасы, құрылымы десек артық айтқандық емес. Қазақстандық қоғамды дамыту барысындағы ішкі қозғаушы күшіміз де осы құндылық. Отандық жастардың азаматтық ұстанымы, тәуелсіз Қазақстанға шынайы, әрі адал қызмет етуге итермелейтін де осы қуат.

Патриотизм макродеңгейде қоғамдық көзқарастың басым бөлшегі болып табылады. Қоғамдық көңіл-күйінді анықтап, сезімінді ұштайтын, өз халқыңа деген жанашырлығыңды, оның тұрмыс салты мен тарихына мән берілуін білдіреді. Яғни, тұлғаның патриоттық сәйкестігінің нормативтік құрылымы мыналарды талап етеді:

- өзін-өзі патриоттық сәйкестендіруді;
- өз елі мен халқына деген мақтанышты,
- өмірлік патриоттық ұстанымның болғанын,
- халқы мен өз тағдырының бір екенін мойындауды (1-ші сурет).



1-ші сурет. Жеке тұлғаның патриоттық сәйкестігінің құрылымы

Патриотизмді тұлғаның нақты іс-әрекетінен де аңғаруға болады. Атап айтар болсақ, тұлғаның Отаны үшін қолға алған істері, жағымды әрекеттері адамның шынайы бейнесін көрсетеді. Патриотизмде қазақ халқының және өзге де ұлт өкілдерінің барлығымызға ортақ Отанымыз үшін қалтқысыз еңбек ету мен оның ұлттық салттарын құрметтеу дәстүрі ерекше үндеске ие.

Патриоттық сәйкестендіруді қалыптастыруда қостанайлық жастарды үш түрге бөліп қарастыруға болады:


- «патриоттар» (тұрақты азаматтық-патриоттық ұстанымға ие );
- «квазипатриоттар» (конформистік өмірлік ұстанымға ие, патриоттық сәйкестігін бөлек жерлерде ғана білдіре алатын, әлеуметтік ортаның көңіл-күйіне бейімделгіш тұлғалар);
- «антипатриоттар» (патриоттық құндылықтары мен ұстанған бағыты «жат» бағыттағы, патриоттық құндылықтары қоғамдық ұстанымға қарсы тұлға) (2-ші сурет).



2-ші сурет. Жастардың өмірлік ұстанымы мен патриоттық сәйкестігінің түрлері

Қостанайлық жастардың басым бөлігін квази- және антипатриоттарға жатқызуға толық негіз бар. Бұны Қостанай облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысымен жүзеге асатын, эмпирикалық әлеуметтік зерттеу орталығының аймағымыздағы қоғамдық-саяси жағдай жөніндегі мониторингтің мәліметтері айғақтай алады.


Қостанай облысындағы жастардың 94,3%-ы (189 аралығындағы жастар) Қазақстан азаматтары екендіктерін мақтан тұтады. Оның 74,9%-ы өздерінің азаматтық ұстанымы мен қоғамның демократиялық деңгейіне қанағаттанады. Жастардың 83,5%-ы мемлекетіміздің ұлтаралық қатынастар жөніндегі саясатына немқұрайлы қарайтын-нын білдірді. Жастардың 82,2%-ы – еліміздің халықаралық беделін мақтан тұтады. 77,7% – қазақ-стандықтардың бірлігі мен патриоттығын нығайтуға бағыт-талған жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» бағдарламасына қызығушылық танытады. (3-ші сурет)



3-ші сурет. Қостанай облысы жастарының патриоттық нұсқаулары

Дегенмен сауалнамаға қатысқан жастардың әрбір оныншысы болашақта шет елдерге тұрақты қоныс аударуға бел байлағанын білдірген. Әрбір 8-ші жас бұл жайында ойланатын болып шықты.


Эмигранттардың қатарын толықтыруы ықтимал аймағымыздағы жастардың жалпы саны 28,1%! (4-ші сурет)



4-ші сурет. Қостанай облысы жастарының миграциялық көңіл-күйлері

Жастардың арасында көші-қон мәселесін тудырған келеңсіздіктерге, еліміз үміт артқан, болашақта сол жастардың күшімен шешілуі тиіс әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси проблемалар түрткі болған:

- Шетелден жалақысы біршама жоғары төленетін жұмыс тауып алу мүмкіндігі – 32,9%;
- Тіл мәселесінің әділетсіз шешілуі – 28,6%;
- Болашақтың бұлыңғырлығы – 22,9%;
- Жұмыссыздық қаупі – 21,3%;
- Білім алудағы проблемалар – 19,1%;
- Тұрмыс деңгейі жоғары елге қоныс аудару – 17,7%. (5-ші сурет)



- шетелден жалақысы біршама жоғары төленетін жұмыс тауып алу мүмкіндігі
- тіл мәселесінің әділетсіз шешілуі
- келешектің (перспективаның) болмауы
- жұмыссыздық қаупі
- білім алудағы проблемалар
- өмір сүру деңгейі жоғары жерге кету

5-ші сурет. Миграциялық көңіл-күйлердің себептері

Жас «патриоттардың» басым бөлігі «қалыптасқан жерлерге» қоныс аударуды жоспарлаған. Олар үшін:

- Этностық теңсіздік – 14,8%,
- Қылмыстың болмауы – 16,6%,
- Көрші елдерден келер қауіптің болмауы – 18,4%,
- Экологиялық мәселелер мен ауа-райының қолайсыздығы – 10,5% ерекше маңызға ие.

Аймағымыздағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайлар қазіргі жастарымыздың Отанынан безуіне себепкер болып отыр. Қалай болғанда да, жастарымыздың 83,6%-ы облысымыздағы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің дұрыс

жүргізілуіне, 71,5%-ы экономикамыздың дамуына (өндіріс, қаржы, тауар) ризашылығын білдірген. Жастардың 66,2%-ы облысымыздағы халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалардың жүзеге асырылуына, тұрғын үй коммуналды шаруашылығын жаңғырту, жетілдіру, денсаулық сақтау, білім беру, шағын және орта бизнесті дамыту бағдарламаларына көңілдері толатындарын білдірді. Жас буынның пайымдауынша, тілдерді дамыту бағдарламасы –12,0%; Саламатты Қазақстан – 10,7% және жастар саясатын жүзеге асыру бағдарламасы –7,3% сынды бағдарламалардың орындалу қарқыны әлдеқайда баяу. Олар «Жұмыспен қамту – 2020» – 26,7%; «Қолжетімді баспана – 2020» – 24,7%; білім саласын жетілдіру – 20,7% бағдарламаларының жақсы жүргізіліп жатқанын атап көрсетті./2/

Осындай көрсеткіштерге ие бола тұра, қазіргі жастарымыздың не нәрсеге алаңдап жүргенін аңғару қиын. Олар еліміздегі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық саяси жағдайға оң көзқарас танытады. Дегенмен, кеткілері келетіндігін білдіргендер де бар.

Қоғамдық құндылықтармен қарама-қайшы келген патриоттық сезім – жастардың патриоттық құндылықтарды басқаша, субъективті тұрғыда түсінуінен орын алған деуге болады. Жастарымыздың басым бөлігі патриотизмді эмоциялық сезімге ауыстырып алғанын болжауға болады. Яғни, жастардың ойынша, «Отанға деген махаббат», «құрбан болу» (елінің мүддесі үшін жекенің қамын екінші жолға қою) және «ойшылдық» (заңға мойынсұнып, барлығын қаз-қалпында қабылдау). Қазіргі жастарымыздың түйсігінде «патриот бейнесі» қазақстандықтың этникалық бейнесі есебінде, яғни, тілді сүйген, Қазақстанның тарихы мен мәдениетін құрметтеп, отандық дәстүрді сақтау. Былайша айтқанда, қазіргі жастарымыз патриотизмді әлеуметтік мәдениетпен ұштастырып алған, ал азаматтық ұстаным, Отан алдындағы борыш пен Қазақстан халқы мен елінің алдындағы жауапкершілік сырт қалған.

Қостанайлық жастардың санасында патриоттық сана-сезім екі деңгейде орналасқан деуге толық негіз бар: когнитивті-теориялық – яғни «білемін, түсінемін» және ынталандыру-іскерлік деңгейдегі – «бөлісемін және әрекет етемін». Осыдан қарап, жастардың патриоттық қабілеті мен түсініктерінің екі тоғыспайтын арнада екенін аңғарамыз.

Когнитивті-теориялық бағытта танылып, бекітілген патриоттардан мемлекеттің саясатын, биліктің сенімін, елі үшін мақтана алатын, Қазақстандық даму жолында еңбек ете алатын жастардың үш есе артық екенін айта кеткен жөн. Өмірлік ұстанымы айқын, халқы үшін, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында, көші-қоннан бас тартып отырғандар санының артықшылығы көңіл қуантады.

Мысалы, жастарымыздың басым бөлігі мемлекеттік саясаттың құрылымына оң көзбен қарап, мемлекеттік саясатты қуаттап, еліміздің президенті мен Үкіметіне сенім білдірген:

- Елбасымызға жастардың 97,4% сенім білдіреді;
- Ел үкіметіне – 92,6%;
- Еліміздің парламентіне – 91,9%;
- Облыс әкіміне – 87,8%;
- Облыстық маслихатқа – 85,1%;
- Қала, аудан әкімдеріне – 85,1%.

«Қазақстан-2050» стратегиясының жүзеге асуда жетістіктерге жету жауапкершілігін жастар қауымының 68,3%-ы мемлекеттік билік өкілдеріне жүктеген. Тек 26,5%-ы ғана Стратегияның табысқа жетуіхалықтың белсенді атсалысуына байланысты екенін түсінген. Тек, жастардың 2,0%-ы ғана «2050 стратегиясының» жүзеге асырылуына жастардың ықпалының зор екендігін білдіріпті. Осылайша, өздерінің азаматтық-патриоттық ұстанымын білдіре отырып, қазіргі жастардың үкіметтің ең негізгі тірегі екенін көрсеткен.

Зерттеу нәтижесінде алынған социологиялық көрсеткіштер әлеуметтік-білім беру жүйесіне патриоттық тәрбиенің өтімді жолдарын енгізуге оң ықпалын тигізеді. Осы бағытта қолға алынар істердің патриоттық сәйкестікті қалыптастыруда екі жағдайдың килігетінін естен шығармаған жөн:



– әлеуметтегі жастардың қоғамдық орны, жастардың жүктелген ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын топ есебіндегі маңыздылығы, аяғына дейін жеткізілмеген құндылықтарын тиянақтау;

– әлеуметтік қалыптасуы, құндылық-тәжірибелік жүйесінің тұрақсыздығы, қоғамдағы сенімділігінің таяздығынан, өзге жүйеге бейімділігі, басқа бағытты өзіндік құндылық ретінде қабылдауға әзірлігі.

Осы факторларды позитивті немесе негативті жүйеде жастардың бойына сіңіру, оларды түрлі патриоттық сезімге итермелейді. Осы олқылықтарды жібермес үшін, мектеп, колледж, жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмыстарында патриоттық тәрбиенің басымды бағыттарын айқындап алған дұрыс. Ақыл айтқаннан гөрі, ойын түрінде жастардың сана-сезімін оятып, олардың белсенділігін арттыру, жастардың нақты акциялардағы қозғалыстары мен іс-әрекеттерін ұштастырып, ауданына, қаласына, Қостанай облысы мен елімізге еңбегінің сіңіруін қамтамасыз ету шарт.

Жастардың патриоттық сезімінің ұшқырлығын оның дұрыстығынан емес, оның нақты іс-әрекетінен аңғару қажет. Өкініштісі сол, көп жағдайда жастарды патриоттық тәрбиелеуде мұндай талаптарымыз назардан тыс қалып жатады. Ал, іс барысында қаншалықты қажет екендігі байқалып тұрады. Студенттердің патриоттық сезім туралы түсінігі патриоттық тәрбиелеу жүйесіндегі ресми ақпараттармен, мәліметтермен кереғар келіп жататыны да сол себепті. Жастар тәрбиесімен айналысатындар үшін, мұны жай ғана ескеріп қоймай, іс барысында сабаққа енгізіп, «қажет және керек», «мүмкіндігім жетеді және міндеттімін», «солай ойлаймын – солай істеймін» деген нақты қағидалармен ұштастыруы тиіс.

Патриоттық тәрбиелеу жүйесін жасау барысында өмірде өте маңызды саналатын үш саланы естен шығармау керек. Қазіргі жастар – патриот, эгоист және бейімделгіш болуы ықтимал. Жалпы студенттердің бестен бір бөлігі ғана патриоттық бағытқа жатқызылуы ықтимал. Ал, бейімделгіштердің саны 67%-дан асып жығылады. Әрбір оныншы тұлға эгоист есебінде қалыптасады. Өкініштісі, есейе келе жастардың арасындағы патриоттардың қатары азая бастайды. Осыған сай, бейімделгіштердің қатары толысады. Жақсы өмірге бейімделумен қатар олардың түйсіктері мен сезімдері патриоттық болып қайтадан қалыптасуы ықтимал.

Сауалнаманы жүргізу барысында, қазіргі жастарымыздың патриоттық белсенділігін анықтау мүмкін болды. Десек те, өмірдің өз талабы мен басқа да құндылықтардың әсерінен, жастардың патриоттық белсенділігін, әлеуетін және сенімін өзгертетіні белгілі. Осылайша, Қазақстан стратегиясын алып жүруге ниетті жастардың ой-өрісін өзгертуді.

Осыған байланысты, патриоттық тәрбиелеу саласында аймақтық тұжырымдаманың маңыздылығы артатыны анық. Біздің қазіргі қойып отырған талаптарымыз бүгінгінің жастарына жарамсыз. Олқылықтың орнын толтыру мақсатында, бағдарламалар құрып, барын жетілдіру қажет. Түп тамыры қазақ елімен байланысты әрбір азаматтың өз елінің патриоты есебінде қалыптасып, осы елде бай, қуатты өмір сүруіне, өзінің, отбасының, Отанының қалыптасып, қарқынды дамуына сүбелі үлесін қосуы тиіс. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға бағытталған «жалпы мемлекеттік ортақтастық сезімін, азаматтық жауапкершілік және өз елінің алдындағы борышыңды, Қазақстандағы және күллі әлемдегі барша ұлттардың мәдениетін жіті түсіне отырып қабылдау, табиғатында ұлтшылдықты қабылдамайтын өзара тәуелділікті саналы түрде түсіну» бағдарламаларын қолдап, жетілдіру қажет.

Осылайша күн тәртібінде жаңа буынның патриотизмін қалыптастыру мәселесі, бұл үшін тәрбие жұмыстарымен айналысатын құрылымдардың әрқайсысына аталмыш көп функционалды және аса күрделі процессті жүзеге асыруға жарамды жүйе мен инструментарий құру шарт.

Патриоттық тәрбие – тек мемлекеттің тәуелсіздігіне, оның Конституциясына, оның Президентіне, астанасына, халықаралық бірлігіне арналған түрлі іс-шаралармен өлшенбейді. Оның қалыптасу процесі өзіндік идеология мен мақсатты жүйеге ие болуы керек. Патриоттық мақтанш пен азаматтық жауапкершілікті адам бойында мерекелер аясында емес, күнде-

лікті еңбек қатынастарында, нақты жұмыста, әрекеттерде қалыптастыру керек екендігін, Отанға деген сүйіспеншілік-ең алдымен оның және оның айналасында өмір сүретін халық үшін адал еңбек екенін ұғындыру қажет.

Жалған патриотизм дегеніміз бүгінгі күні – мемлекетті әлемдік держава ретінде қалыптастыру мен құруды ойластыру. Бұл мақсат жастардың патриоттық тәрбиесінің бірден-бір ықтимал негізі болып табылады. Өз кезегінде болмашы жұмысқа бола көп машақат ететін өмірдің ұсақ қарбаластарында қалып қоймас үшін, жастардың Қазақстанның ертеңгі келешегіне жол сілтейтін бағдарлары болуы тиіс.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. ҚР Президентінің ҚР халқына Жолдауы. 17 қаңтар 2014 ж. // [http://www.akorda.kz/ru/page/page\\_215750](http://www.akorda.kz/ru/page/page_215750)

2 Қостанай облысындағы қоғамдық-саяси жағдайды сараптау. 3 кезең. Статистикалық есеп – Қостанай: ЭЭЗО «Қостанай таңы», 2014. – 150 б.